

Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 21 желтоқсан N 1836
Республикалық бюджеттің құрылысты қаржыландыру бойынша пайда болған
берешегін қысқарту мақсатында Қазақстан Республикасында Үкіметті Қаулы Етеді:
Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Имстальком-1"

Алматы монтаждау фирмасының қосымша құнға салынатын салық бойынша
бюджетке төлеуге жататын 5 (бес) миллион теңге берешегін Алматы
қаласының бюджетімен өзара есеп айырысуға қажетті дәлдемелер
енгізіп, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Іс
басқармасының тиісті объектіні республикалық бюджеттен қаржыландыру
есебіне бір жолғы есептеу жүргізсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары